

"Мүлікті жария етуге байланысты рақымшылық жасау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жария етілген жер учаскелеріне құқықтарды ресімдеу ережесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 19 шілдедегі N 688 Қаулысы

"Мүлікті жария етуге байланысты рақымшылық жасау туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 5 шілдедегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған "Мүлікті жария етуге байланысты рақымшылық жасау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жария етілген жер учаскелеріне құқықтарды ресімдеу ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және жариялануға тиіс.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 6

ж ы л ғ ы

1 9

ш і л д е д е г і

N

6 8 8

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

"Мүлікті жария етуге байланысты рақымшылық жасау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жария етілген жер учаскелеріне құқықтарды ресімдеу ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы "Мүлікті жария етуге байланысты рақымшылық жасау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жария етілген жер учаскелеріне құқықтарды ресімдеу ережесі (бұдан әрі - Ереже) "Мүлікті жария етуге байланысты рақымшылық жасау туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 5 шілдедегі Заңына (бұдан әрі - Заң), Қазақстан Республикасының Жер кодексіне сәйкес әзірленді және Заңға сәйкес жария етілген жер учаскесіне құқықтарды ресімдеу тәртібін регламенттейді.

2. Ереже Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес меншік немесе жер пайдалану құқықтары ресімделмеген жер учаскелеріне қолданылады.

3. Осы Ереже Заңның 3-бабында көрсетілген мүлікке (жер учаскелеріне) қолданылмайды.

2. Жария етілген жер учаскесіне құқықты ресімдеу тәртібі

4. Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жер қатынастары жөніндегі уәкілетті органдары жылжымайтын мүлікті жария етуді жүргізу жөніндегі тиісті комиссия (бұдан әрі - комиссия) мүлікті жария ету туралы шешім шығарған күнінен бастап екі жұмыс күні ішінде жария ету субъектісіне комиссия қабылдаған шешім және жария етілген жер учаскесіне құқықты куәландыратын құжатты дайындау үшін осы Ереженің 5 немесе 6-тармақтарына сәйкес материалдарды аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жер қатынастары жөніндегі уәкілетті органдарына ұсыну қажеттілігі туралы хабарлайды.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2006.11.10. N 1073 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

5. Жер учаскесінің сыртқы шекараларын анықтау жөніндегі материалды жерге орналастыру жұмыстарын жүргізуге лицензиясы бар жеке және (немесе) заңды тұлғаларды тарта отырып, жария ету субъектілері жасайды.

6. Қазақстан Республикасының азаматтары учаске сызықтарының өлшемдері мен шектес учаскелердің иелері (шектес учаскенің иесі туралы деректер: тегі, аты, әкесінің аты; заңды тұлғаның атауы) көрсетілген тиісті схема (жоспар) жасай отырып, жеке қосалқы шаруашылығының (үй маңындағы учаске) жүргізу, жеке тұрғын үй құрылысы, бағбандық және саяжай құрылысы үшін өздеріне тиесілі жер учаскесінің сыртқы шекараларын өздігімен анықтай алады.

7. Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жер қатынастары жөніндегі уәкілетті органы жария ету субъектілерінен осы Ереженің 5 немесе 6-тармақтарында көрсетілген материалдар түскен күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттарды қарайды.

Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.11.10. N 1073 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

8. Ұсынылған құжаттарды қарау кезінде жер учаскесінің көлемі және нысаналы мақсаты, оған қатысты ауыртпашылықтар мен шектеулер, оның бөлінетіндігі және бөлінбейтіндігі анықталады.

Жария етілген жер учаскесі аумағының көлемі Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 50-бабында белгіленген нормалардан артық болған жағдайларда бүкіл жер учаскесіне құқығы уақытша өтеулі ұзақ мерзімді жер пайдалану болып анықталады.

9. Ұсынылған құжаттарды қарау нәтижесінде жер учаскесіне құқығы анықталады және тиісті құжаттар жария етілген жер учаскесіне құқықты куәландыратын құжатты (жер учаскесіне жеке меншік құқығын беретін акт немесе уақытша (ұзақ мерзімге,

қысқа мерзімге) өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беретін акт) дайындау үшін мамандандырылған республикалық мемлекеттік кәсіпорынға (бұдан әрі - кәсіпорын) жіберіледі.

10. Кәсіпорын материалдар түскен күннен бастап он жұмыс күні ішінде құқықты куәландыратын құжатты дайындайды.

Ескерту. 10-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.11.10. N 1073 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

11. Құқықты куәландыратын құжатты дайындау кезінде құжаттың графикалық бөлігінде мынадай мазмұндағы жазба жазылады: "схема (жоспар) жер учаскесі иесінің (жер пайдаланушының) деректері бойынша жасалды".

12. Кәсіпорын дайындалған құқықты куәландыратын құжатты тиісті ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жер қатынастары жөніндегі уәкілетті органына жария ету субъектісіне беру үшін жібереді.

13. Жеке тұрғын үй объектілеріне арналған жер учаскелерін жария еткен Қазақстан Республикасының азаматтарына құқықты куәландыратын құжатты дайындау өтеусіз негізде жүргізіледі.

Басқа жария ету субъектілеріне құқықты куәландыратын құжатты дайындау заңнамада белгілеген тәртіппен бекітілген бағаларға сәйкес, өтеулі негізде жүргізіледі.

Ескерту. 13-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.11.10. N 1073 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.